

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Айгұл Ісімақова

АБАЙ МҰРАСЫ – БҮГІНГІ РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІК

Әр әдебиетте сол әдебиеттің шыны – ойлау жүйесінің көркемдік үлгісі, шынайы рухани көркем құндылықтардың сәтті бейнелеуінін түрі болып қала беретін тұлғалы шығармашылықтар бар. Осылар – А. Байтұрсынұлы айтқан дарынды сөз жүйесі. Дүниежүзілік әдебиетте бұл құбылыс Шекспир, Гете, Абай, Бальзак, Сервантес, Пушкин, Толстой, Достоевский, Шækәрім, Алаш әдебиеті шығармаларында бүкіл адамзатқа қажет рухани ойлардың талқылауын ортаға салумен іске асырылды. Осы әдебиет – А. Байтұрсынұлы айтқан «адамның, елдің, яки бүкіл жұрттың келіссіз істерін, мінездерін, пигылдарын» айтқанымен де, санасты бар адамға рухани тәжірибе ретінде қажет гибратты мұра. Аталған ойлар Абай шығармаларының тұнғыш теориялық зерттеушісі А. Байтұрсынұлы анықтағандай әуезе, толғау, айтыс, яғни сөздердің айтылу түріне қарай да айқындала түседі.

Абай бүгін XXI ғасырда қандай ойларымен қажет? Ол адам баласына (тек қазаққа емес!) әр уақытта маңызды болған «мәнгілік сауалдарды» қоя білуімен және сол сауалдарға жауап беруімен қажет. Оның осы жолдағы рухани ізденістерімен, сол басты құндылықтарды анықтап беруі – адамзат тарихындағы елеулі парасатты оқиға.

Сондықтан болар, А. Байтұрсынұлының о баста Абайды «казақтың бас ақыны» десіү тегін емес.

Абай мұрасы адамды түсінуге қажет басты рухани құндылықтарды атап беруімен маңызды. Дүниежүзілік әдебиет – адамның рухани тәжірибесін бейнелеуімен, адамның кіслілігін, пенделігінің әр қырын көрсетуімен қызықты. Данте адам баласының о дүниеде тірілетін өмірін көрсетумен дүниежүзілік әдебиетте өз тақырыбымен қалды. Оның «Божественная комедиясы» – дінтанушылар туршігетін тамұқ-тозақты суреттеген көркем нақты-

лықтың үлгісі. Бальзак «Адам комедиясын» жазумен бұл дәстүрді әрі қарай жалғастырды. Шекспир адамның пендешлігін, оның тән иесі екенін жан-жақты бейнелеп, дүниежүзілік әдебиеттанушылар мойындаған адамның әр түрлі нәпсікүмарлық типтерін көрсетті: әділдік пен шынайылықты іздеген Гамлет пен нәпсінің құлы Отелло қарама-қайшы екі типтік күштің әсерін бейнелеуде. Бұл шығармалардың классикалық деп аталуы да тегін емес. Себебі бұкіл адамзатқа қажет рухани құндылықтар ізделінеді, олар жанның қиналысы кезінде анықталып, үлгілісі осы деп автор тарарапынан оқырманға ұсынылады.

Әл-Фараби, Монтень, Шопенгауэр, Грасиан, т.б. аталған маңызды мәселелерді көтеріп, соған өз заманы талаптарына сай жауап берді. Көбінде бұл автордың монологы түрінде іске асқан. Абай осы қатардағы «мәңгілік сауалдарды» көркем сөзben зерттеуді әрі қарай жалғастыруши екені де айқын. Абай өзіне дейінгі қозғалған «мәңгі тақырыптарды» әрі қарай батыл дамытып әкетті. Қалай? Абайдың лирикалық кейіпкері болсын, «Ғақлияның» айтушысы болсын: «осығана дұрыс» деген біржақтылықтан аулақ. «Қара сөздер» керісінше, бір қазақ емес, бұкіл адамзат үшін, адам баласына тән адамдықтың, адамшылықтың келбетін анықтауға, оқырманды ойлануға, толғануға, ішкі дүниесі – жанына үнілуге шақырады.

Абайды тану Әлихан Бәкейхановтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Мұнәхіб-Некролог)» атты мақаласынан басталады. Құранмен жетік таныс Абай аталған тілдердегі діни кітаптармен де таныс болғанын Ә. Бәкейханов осы мақаласында атап өтеді. Қажының баласы 20 жасар Абайдың ауылдың бірінші шешені аталуы да менгерген білімнің арқасы, – дейді Ә.Бәкейханов пен А. Байтұрсынұлы. Ол кездің шешені тек бүгінгі қызыл сөздіңғана емес, үлкен зиялды рухани парасаттылықтың иесі еді. Елге өз пікірінді мойыннату үшін билік қана емес, ғұламалық білім мен ілім қажет екені түсінікті. Монтень мен Шопенгауэрдің бір дауысты баяндаушысынан Абайдың айтушысы әлдеқайда кішіпейіл, мейірімді және шындықты оқырманмен бірге іздеуші. Иә, Монтень, Шопенгауэр, Грасиан кітаптары мемлекет билеушілердің жұмыс үстелінде жатады. Ал Абай кітаптары бүгінгі

замандастырың жанқалтасында жүреді. Себебі Абайдың айтушысы тындаушының (оқырман) ойына тікелей әсер етіп, оның ойын жұмыс істеуге, яғни жанына әсер ететін сөздер арқылы ойлануға шақырады.

Абайдың басқалардан ерекшелігі Л.Н. Толстой қасірет ретінде нұсқаған «санасыз, ойсыз, жарым ес, өз ойында ар емес» ессіздіктен сактайды, адам жанына не қажет деген сауалға жауап іздеуге, осы сауалдың адам үшін басты екенін алға тартады. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы тұлғаның басына түскен қыншылықтарды: қазақты отарлау, кеміту, шоқындыру т. б. рухани күйзелісті дағдарыстарды бейнелеген еді. Абай тұнғыш рет сөз өнерін оның өз арнасына, өзінің басты тақырыбына бұрды. Сөз өнері, әдебиет не үшін қажет? Көркем сөз қандай болу керек? Оның негізгі мақсаты не? Абай тұнғыш рет қазақ тілінде осы сауалдарды қоя білді және соларға жауап ізdedі.

Асыл сөздің міндетін, көркем деген сөздің мазмұнын дін, діл, философиялық категориялар арқылы ашып берді. Көркем сөздің қасиеті неде? Сөз көркем болу үшін оған қандай мазмұн мен түр қажет? Сөз мазмұнды түрде айтылмаса, ол қабылданады ма? Ол үшін қандай шарттар қажет? Осының бәріне Абай жауап берген. Себебі, Абай үшін әдебиет –

Олең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Киыннан қыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-теріс, жұмыр келсін айналасы.

Бүтін XXI ғасырда дүниежүзі әдебиетін қайта саралап шықсақ, оның үлгілі болып саналатындары адамды имандылықта шақырып, пендениң адам жаны түршігетін істерден аулақ болуын көрсеткендері екені сөзсіз. Әр классик өз ұлттық тілінде имандылық құндылықтарды сол ұлтқа жақын бейне, образдар, метафора, теңеулер арқылы дәлелдеп берген екен.

Көркемдіктің негізгі мәні, мазмұны, тақырыбы қандай басты ойға бағыну керек деген сауалға Абай былай деп түйінделп берді:

Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Қосарлы бәйтсымақ келді арасы.
Кисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы!

Демек, шынайы көркем мәтіннің ойы аят, хадистердегі имандылық, адамдықтың мәнін ашуға бағышталмаса, оның тез ұмытылуы да соның жоқтығынан екен.

Абайша көркем сөздің басты мақсаты – Алланың сөзі мен Пайғамбардың іліміндегі кісіліктің үлгісін түсіндіру, имани сөздерді насиҳаттау, оны түсінуге, ойлауға, ессіздік, зұлымдық надаңдықпен құреске шақыру. Себебі мұсылман Абай үшін жан мен тән қажеттіліктері екі түрлі. Көркем сөздің XX ғасырдың басында, А. Байтұрсынұлы айтқандай, «жан қоштау керегінен» тұғанын Абай о баста мензеп берген екен.

«Әдебиет танытқыштың» «Аңдатуында» А.Байтұрсынұлы маңайымыздағы әлемнің негізі туралы былай дейді: «Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі – не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе... Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады. Өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдісамалы, шеберлігі, өнер күші кіріскең». Ал өнер деген не? А.Байтұрсынұлы оған былай дейді:

«Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруага керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегендер, «сұлуынан – жылуы» дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер, жылуынан гөрі сұлу болу көбіректен көзделгеннен,

көзге көркем, көнілге жағымды болып істелген нәрселер: алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондыктан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады».

А. Байтұрынұлы Абайдың жоғарыда теориялық тұжырымын осылай дамытып әкетеді. Көрнек өнері бесеу болса: сәулет (архитектура); сымбат (скульптура); кескін (живопись); әуез (музыка); бесіншісі – «нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сезбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, еуропаша литература)».

Абай сөзді айналаға емес, нақты оқырманы, жанына жақын жолдасына айтқандай, сондықтан:

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяңдал.

Қазақ сөз өнеріндегі әдеби-эстетикалық ситуация өзгергенін Абай-әдебиеттанушы осылай мойындана кетеді. Ақын Абай сөзді біреууге ұнау үшін, не болмаса мал үшін емес, адамның жанына қажетті болуына мән беріп осыны көздейді.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге...
Бес нәрседен қашық бол
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оган қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтанипак,
Еріншек, бекер мал шашпақ—
Бес дүшінаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап кой
Бес асыл іс, көнсеніз.

Сондықтан ақын оқырман талғамының да (рухани, этикалық, эстетикалық т.б.) дамуын талап етеді. Ақын сөздің мағыналы болуын, оның адамның рухани әлемін анықтайтын он мен сол, дұрыс пен бұрыс, ададық, сабыр, ар, ұят, ақымак, ақыл, намыс, ғылым, ілім түсініктерін нақтылауға, жамандықты жиіркенішті, жақсылықты өнегелі, үлгілі екенін алға тартады.

Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң айтиа сөз.

Бірінді, қазак, бірің дос
Көрмесен, істің бәрі бос.

Адам баласын не аздырады? Әрине, рухани салғырттық.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырап адам баласын.

Сөз өнері адаммен бірге о баста жаратылған:

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен!
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңсы, бос қақпай өлең-селен.

Сөздің асыл болуын о баста мақсат қойған Абай жоғарыда аталған көркем түрдің адам жанына әсер ету үшін мағынасы түзу, түрі анық болуын талап етеді:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның сөзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жок әуел баста-ақ!

Бұл ойды А. Байтұрсынұлы жалғастыра түседі: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген».

Мағынасы терен, ғұлама мазмұнды гибратты ойларды Абай шағын өлең жолдарымен түйінде береді. Сөз өнері адам жанына қалай әсер етеді деген сауалға Абай былай мензейді:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған...

Көркем шығарманың рухани азығы, адам жанына қажетті ойы болуын талап еткен Абай бұл жөнінде де нақты «ынсан, ұят, терен ой» болуын шартты дей отырып, «ұят пен ардың» оянуын алға тартады. Өлеңді «Сегіз аяқ» атауы да тегін емес. Сегіз жолдан тұратын өлең әр шумақта жаңа ойды дамытып, күрделі пәлсапалық мәселелерді ойда қалуға ынғайлыштықтың сөйлемдермен түйінде отырады. Қазақ көшпелі өмірінің «кітапханасы» ауылдағы зерек азamatтардың бірінен-бірі ұстаз ізденген шәкірттер арқылы осылай ынғайлыштықты түрде таралып отырған.

А.Байтұрсынұлы айтқандай, Абай шығармаларының «Сөзі аз, мағынасы көп, терен... Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылар біліміне сын болып, емтихан болып табылады! Окушы сөзді сынаса, сез оқушыларды да сынайды» [1,155].

Осыншама ілім мен білімді Абай қайдан оқыған деген сауалға А. Байтұрсынұлының дерегі бар; «Абай 10 жасынан 13-ке шейін қырда мұсылмандық оқыған. Он үш жасқа шығарда Семейде Ахмед Ырзаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүрген кезінде 3 айдай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Экесінде

серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешен атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған... Заман бұрынғыдай болса, Абай Алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз».

Абайды замандастары қолдады ма? Оның Хакімдік ілім-білімінің қадірін бағалай алды ма деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы былай жауап берді: «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген».

Сондықтан Абай «Өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгілі, тақтан орын берген» [1,157]. Тура бүгінгі заман.

Абайдың мағыналы, маңызды, терең сөздерінсіз кейінгі қазақ әдебиетін елестету мүмкін емес. Алаштың асыл азаматтары, қазақтың тұнғыш саяси элитасы атанған ерлері: Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жұсіпбек, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Илияс, Мағжандар өз шығармашылығын Абайға арналған өлең, мақалаларымен бастаған. Абай қазақ әдебиетінің жұлдыздары орнын түзейтін Темірқазығы атануы да сондықтан.

Себебі Абай заманына сай білімі болғандықтан сөздің көркем болуының мәнін, сырын біліп, сөзге шынайы мағынасын берген.

Ақын «жұрт мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлакқа дыбысы тиіп ете шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар» екендігін де білген. Бірақ Абай мұндай жылтыр сөздерден аулақ болған. А. Байтұрсынұлы осы орайда «Қазақтың бас ақыны» мақаласында былай дейді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшесуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған» [11, 158].

Ақынның «Қара сөздерінде» аталған ойлар жан-жақты дамытылып зерттеледі. Әр сөздің өз тақырыбы, өз мақсаты, талдау дәлелі бар.

Бірінші сөзінде Абай «Қара сөздерін» не үшін жазғанын түсіндіре кетеді. «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік... Енді жер орта жасқа келдік: қажықтық, жалықтық... Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын».

Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, сопылық қылып дін бағу – бұның бәрінің маңызды екенін түсінгенімен Абайдың мақсаты басқа: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімдекім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байлладым...» (89).

Бүгінгі XXI ғасырдың қазақына қажет Абайдың өлеңдеріндеңі басты ойлар осы «Қара сөздерде» жан-жақты дәлелденген, сондықтан бұл асыл сөздерді Құранда айтылған «Көркем сөздер» деуге әбден орынды... «Ей, жүргегімнің қуаты, перзентлерім! (ұрпағым)» (38 сөз). Бұл сөздер тек қазаққа емес, ақылды, зерек адам баласына арналған. Адам мен ғалам, дін мен пәнде, Жаратушы мен жаралған; тіршіліктің сырьы, адам өмірінің мазмұны мен мәні; адамдық, имандылық, халал мен харам, болыс пен билік, біліктілік, салғырттық, сабырлылық, талаптылық – осының бәрі жан талдауына түседі. Әлбетте, мұндай көркем сөз ғибратты, он дұрыс мазмұнды болуы шарт. Осындай сөздер туралы Ахмет Байтұрсынулы: «көркем сөз – лұгаты анық, ғибратты он, халыққа дұрыс пікір беруі қажет», деген. Төртінші сөз: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз босқа, жарамсыз қылықпен кор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды». Осылай болмас үшін не істеу керек?

Мағжан Хакім деп тұнғыш рет атаған Абай бұған былай жауап береді: «Өүелі Құдайға сиынып, екінші өз қайратына

сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсан қара жер де береді, құр тастамайды». Бірақ ол енбекті іскер де, қылмыскер де жасайды. Айырмашылығын Абай анықтап береді. Жетінші сөзде ақын адамның Тән құмары (ішсем, жесем, ұйықтасам) мен Жан қажеттіліктерін (білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен, Аллаға мінәжат етсем екен дегендер) ажыратып береді.

Адам жаны мен хайуан халі туралы «Жетінші сөзде»: «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұргызыдық, еш нәрсеге көнілмен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көніл айтып тұрса сенбедік.

...Көкіректе сәуле жоқ, көнілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз...» (8). Кейін Шәкәрім «Шын бақтың айнасында» осыны дәлелдей түседі. Көніл деген не?

«Он сегізінші сөз»: «Байлар кім? Қазақ кім? Ішім өлі, сыртым сау кім? (9); Құдайдан нені, қалай тілеу; Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың тоқтаусыз кеткені не?

Иман туралы «Он екінші сөзде»: адамның осы туралы білімі болуы мүмкін, ия, намаз, оразасы бар пірәдар болады, басына шалма орауы да мүмкін, бірақ: «Күзетсіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдан жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды».

Иман деген не? («Он үшінші сөз»). Абай бұны мұсылманша анықтайды: «Иман деген – Алла Табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына да әр түрлі бізге Пайғамбарымыз саллалаңу ғалейни уа-саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, инанмак».

Мен мұсылманмын деп жайбаракат жүруге бола ма? Бұған хакім былай дейді: «Иманды сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көніл, босанбас буын керек екен». Он төртінші сөз: Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені».

Абай осыған нақтылықты қосады: «Рақымдылық, мейірбан-дылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойла-

ғандай оларға да болса иғі демек, бұлар – жүрек ісі». «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек үміт қалады».

Бүтінгі XXI ғасырдың адамы осылай ойламаса, оны басқалармен не біріктіре алады?

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің айырмашылықтары туралы Он бесінші сөз: «Егер есті кіслердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзінен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің еken, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылышпен өткізіпсің? Жоқ болмаса не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыптысың?»

Он алтыншы сөз: қазактың тілі өзге жүрттан бөлекше жаралып па? Себебі қазақ құлышылығым Құдайға лайық болса еken деп қам жемейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлеқ болмайды. Себебі бәрі адам баласына ортақ; жігерсіздік, немкүрайлық. Ол туралы Он жетінші сөз; «Қайрат, ақыл, жүрек айтысып, ғылымға жүгінген еken. Бұл – да адам баласына ортақ. Ғылым үшеуін де тындалап, әрқайсысының жөнін түсіндірген. Қайрат пен ақылға жақсы да, жаман да сүйенеді, екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсіндер, соның жаман, – депті». Сен үшеуінің басынды қоспақ менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, өмірші жүрек болса жарайды.

Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырына жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-ділі құмар болады, Көнбек түгілі қуанады. Жаманышылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгілі жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сені де еркіне жібермейді. Орынды іске құшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолынды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым еken. Осы үшеуін бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсан, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпынды таза сақта, Құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.

XXI ғасырда Елбасымыз Қазақ жерінде тұңғыш рет діндер симпозиумын өткізу де – осы Абайдың ісінің жалғасуы. Текті діндердің мақсаты бір – жүректің айтуымен жүру. Осы арқылы діндер диалогы іске асуы да тегін емес.

Он сегізінші сөз: «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық». Бұл – бүгінгі көлік, ғимарат, үй, мұнаймен астым дегендер үшін.

Он тоғызынышы сөз. «Білімді адам кім? Себебі адам туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

Жиырмасынышы сөз: тағдырдың жарлығы өзгермейді.

Жиырма бірінші сөз: адам баласы мақтаннын аман болмағы – қын іс.

Жиырма екінші сөз: қазактың ішінде кімді жақсы көріп, кімді кадірлеймін деп ойладым (бай, кедей, мырзалар, болыстар, билер...)

Жиырма үшінші сөз: қазактың бір қуаныш, бір жұбанышы туралы .

Жиырма төртінші сөз: қазактың достығы, дүшпандығы, мақтани, мықтылығы, мал іздеу, өнер іздеу жүрттарда ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, үрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз.

Жиырма бесінші сөз: Кұдайдан қорық, пенден ұял, балаң бала болсын десен – оқыт, мал аяма!

Жиырма алтыншы сөз: қазактың қазақтан басқа жауы жоқ...

Жиырма жетінші сөз: Сократ хакім мен Аристотель шекірт диалогы. Адам баласының қамын Алла әуелде жоғары еткені...

Жиырма тоғызынышы сөз: қазақ мақалдарының не Кұдай-шылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны бар: алтын көрсө періште жолдан таяды.

Отызыншы сөз: мақтан не керек?

Отыз бірінші сөз: үл төрт нәрсе құллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрсе, ой кеселдері – уайымсыз салғырттық ойыншы-күлкішілдік, я бір Құдайға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу...

Отыз екінші сөз: білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға білмек талаптың шарттары бар.

Отыз үшінші сөз: мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

Отыз төртінші сөз: адам баласына адам баласы бәрі – дос.

Отыз бесінші сөз: Абай мен Шәкәрімді сопы дей алмаймыз, «Сендер дүниеде қажеке, сопеке, мырзеке, батыреке атандындар». Ол дүние мұнда жоқ. Енді сұрау беріңдер!»

Отыз алтыншы сөз: кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген.

Отыз жетінші сөз: «Әкесінің баласы – адамның дүшпаны. Адамның баласы – бауырын».

Отыз сегізінші сөз: Ей, жүргегімнің қуаты, перзентлерім! Үл сөзде Адам үғымының негізгі мінездері, бүгінгі мұсылмандық үлгісі, сипаты, бүгінгі уағыз, намаз. XXI ғасырдағы адамға қажеттілер айқындалған.

Сондықтан Хакім сөзі – бүгінге қажет уағыз. Білім, ғылым, иман не үшін қажет? Алла үшін бе? Өзіміз үшін бе? Себебі Жаратушы – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі осыны есте сақтасақ екен.

Алланың сөзін қолдау (қаріпсіз, дауыссыз) мен ғылым құдіреті дегеніміз не? Алланың есімдері, жан мен тән қажеті, махаббат, ынсан, ұят түсініктері нақтыланып берілген [1, 133].

Мұсылмандықтың шарттарын да (Пайғамбар, әулие, хакім, кәміл мұсылмандар) Абай бізге түсіндірген екен: «Бәріміз әулие болып тариқатқа кірсек, малды кім бағады, дүшпанды кім токтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді?» Себебі: «Гұмыр өзі – хақиқат. Растың бір аты – Хақ, Хақтың бір аты – Алла».

Адам неден жирену керек? «Құллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соナン қашпақ керек: әуелі – білімсіздік, надандық, екіншісі – еріншектік (талапсыздық, жігерсіздік, ұтсыздық, кедейлік), үшінші – залымдық (адам баласының дұшпаны). Бұлардың емі – махаббат, қайратты, ғаділетті ісін, білімін ғылымын». Мұсылмандардың басқа діннен айырмашылығы неде? Әған Хакім былай деген: «Иман екеу емес, біреу...». Үргінгі молданың уағызын Абай осылай кестелеп берген еken. Осы ретте намаздағы әр қозғалысының мәні сипатталып берілген. Әрқайсысының ерекше мәні, белгісі бар еken.

Абай – ұлтықты адамзаттықтың айнасы деп, әкенің емес, адамның баласы болуды алға тартады. Бұны түсінбеген ел төзуден басқа амалы қалмас.

Реттілік пен адамдық деген не? Дін мен ғылым, дұрыс пен бұрыс деп нені айтамыз? Бас-басына би болмай, бірігіп ел болып іске кірісудің жөнін де Абай айтқан Отыз тоғызынши сөзінде: Елбасы, топ басы деген түсініктер берілген (146). Атабабалардың артық екі мінезі көрсетілген. Арлылық, намыстылық, табандылық пен намыскорлық. Бұл нағыз ерлердің бойынан табылған қасиеттер еkenі де анықталып дәлелденген. Қырқыншы сөзде: пендешіліктің түрлері айтылған.

Қырық бірінші сөз: Қазаққа ақыл берем, түзеймін деген адамға екі нәрсе керек: 1) бек, зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек; 2) есепсіз бай боларға керек. Не үшін еkenі талданып берілген.

«Қырық екінші сөзде» жұмысы жоқ адамның немкүрайлығы, еріксіздігі айқындалған. Қырық үшінші сөзінде адам ұфымы екі нәрседен – бірі тән, бірі – жан еkenі, олардың адамды қалай билейтіні қарастырылған. «Қырық төртінші сөзде» талапсыздық адам баласының ең жаман қасиеті деп тұжырымдаған. Қырық бесінші сөзінде Абай: «Біз жаратушы емес, Жаратқан көленкесіне қарай білетұғын пендеміз...», – дей келе ақын қазақ жүртүн Иманға, Алла жолына шақырады.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Махаббат сезімі

кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым. Себебі: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз. Көзben көріп, ақылмен біліп».

Абай – қазақтың бас ақыны. Бұны өткен XX ғасырда Ахмет Байтұрсынұлы айтып қана қоймай, дәлелдеп берген.

Қазақтың бас ақыны болғандықтан Абай ұлттың – қазақтың қасиеттерін көрсетті, ұлттың болмысы, оның рухани моделін анықтау арқылы адамзаттық, адамдық үлгіні мензеді. Бұл классикалық мұра Алла мен Адам, адам мен болмыс, адам мен ғалам, адам мен оны Жаратушы, адамдық пен надандық, адам болу үшін қандай қасиеттер қажет деген сауалдарға нақты, дәлелді жауаптар берумен құнды.

Сондықтан Абай – бүгінгі технологиялық ақпараттарға ғана қызығып, саяси оқиғаларды қызықтаумен ғана шектелген қауым үшін керек ғибратты асыл рухани көркем мұра.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиеттанытқыш. 5 томдық шығармалар жинағы, Т.1. – Алматы: Алаш, 2003.